

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ
ПОСРЕДСТВОМ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ
АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ
ҮШТІЛДІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Утегенова Б.М., Каппазова Ш.Т.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты;

*А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

Аннотация

В статье рассматриваются психолого-педагогические условия обучения школьников трехязычие посредством информационно-коммуникационных технологий. Особое внимание уделяется формированию информационной культуры обучающихся и учителя иностранного языка, способствующих развитию коммуникативной компетенции обучающихся.

Ключевые слова: обучение трехязычию, психолого-педагогические условия, информационно-коммуникационные технологии, информационная культура.

Keywords: learning trilingual, psychological and pedagogical conditions, information and communication technologies, information culture.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», («Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 1 наурыз № 55) – деген. Осы жолдауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстанда қазақ, орыс, ағылшын тілін меңгеруге бағытталған үштілділік саясаты жүргізілуде. Жалпы, көп тілді оқытудағы басты міндет оқушының өзге тілді үйренудегі психологиялық кедергіден өтіп тілдік қарым-қатынас жасай алу қабілетін ұштап, дүниетанымын көтеріп, біліктілігін жетілдіру болып табылады.

Бұл болашақта оқушылардың өз ойларын үш тілде бүкіл әлемдік білім жүйесінде қолдана алатындай деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Көп тілді меңгеру – бұл өте күрделі психологиялық үрдіс» (Джакупов М.С. 2002). Бүгінгі таңда бізге ана тілінің уызына қаныққан, ұлттық мұраны және өзге мәдениетті құрметтейтін, үш тілді жетік меңгерген, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, зиялы да

интеллектуалды тұлғаның қажет екені белгілі. Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Өзара қарым-қатынас кезінде адамдар өздерінің ойлары мен сезімдерін сөздері арқылы білдіреді, ортақ қызметтерін жүзеге асыру мақсатында өзара түсіністікке қол жеткізеді. Мен педагог-психолог маман ретінде жұмысымда осы бағытты қолданамын. Ағылшын тілі пәні бойынша өткізген сабақтарымда ақпараттық технологияларды барынша қолдана отырып қазақ, орыс, ағылшын тілін ұтымды пайдаланамын. Үштілділік балалардың еріксіз есте сақтау, логикалық ойлау, ана тілі мен екінші тілді меңгеру деңгейі, қызығушылығы мен ынтасын арттыру, шетел тілін меңгеруге арналған қабілет құрылымын дамыту деңгейі, есту сезімталдығы мен есте сақтау жадысы, назар аудару тұрақтылығы сияқты психикалық процестердің дамуына игі әсер етеді деп санаймын.

Бұл мақаладағы шешілетін өзекті мәселе білім беру процесінде-барлық субъектілерді өзінше дамытуға арналған мүмкіндіктер кешенін қамтамасыз етумен және білімді, білімпаз қазіргі мектеп оқушысының толыққанды қалыптасуына ықпал ететін, танымдық белсенділігін жандандыруға арналған психология-педагогикалық шарттармен байланысты.

Психология-педагогикалық шарт білім беру қызметін ұйымдастырудың негізгі талаптарын көрсететін, білім берудің негізгі факторларының сапалы сипаттамасы ретінде анықталады. Психология-педагогикалық шарттарды анықтаудың мақсаты оқушының оқу-танымдық қызметін, сонымен қатар оқу үдерісін жоспарлау, оқу үдерісіне сырттан әсер ететін факторларды анықтау болып табылады. Ондай факторларға жеке тұлғаның құзыреттілігін дамытуға бағытталған оқушылардың жеке ерекшеліктері, оқу ұжымының ішінде жақсы психологиялық атмосфераны қалыптастыру, оқытудың арнайы әдістемесін дайындау және жоспарлау жатады.

Мектеп оқушыларын мультимедиялық бағдарламалар негізінде ағылшын тіліне оқытуда психология-педагогикалық шарттар ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылардың тілдің грамматикалық жағын меңгеруге деген ынтасын арттыруды, «ынтымақтастықта оқыту» педагогикалық технологиясын қолдануды, мұғалімдер мен оқушылардың қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие процесінде қолданудағы құзіреттілігін қалыптастыруды қарастырамыз.

Мектеп мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану мақсаты, ұстанымдары, мазмұны, психология-педагогикалық шарттары туралы Нұрғалиева Г.Қ., Қараев Ж.А.,

Балықбаев Т.О., Қазмағамбетов А.Ғ., Кеңесбаев С.М., Бидайбеков Е.Ы. тағы басқа ғалымдар зерттеген.

Ағылшын тілін оқыту процесінде оқушының өзіндік қызметіне стимул бола алатын қазіргі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қызығушылықты арттыру құралы ретінде қолданылады. Белгілі бір уақыттағы оқыту кезеңінің қызығушылық деңгейі оқушылардың оқыту процесіндегі дербестігі, мақсатқа жету құралдары мен әдістерін еркін таңдау, білім алу процесіне қатысқан әрбір қатысушының жетістігін анықтайтын жетістікке жету факторларымен анықталады. Айта кету керек, оқушыларды ағылшын тіліне оқыту процесінде қызығушылық сферасын реттеуші оқу-танымдық қызметті белсендіруге бағытталған проблемалық жағдайлар жасау, проблемалық тапсырмаларды дайындау болып табылады. «Оқытудың тиімділігі жаттығулардың дәйектілігімен және оқушының интеллектуальдық даму деңгейі мен психологиялық мүмкіндіктерін есепке алынуымен анықталады. Оқыту мотивациясының деңгейін көтеру оқу процесіндегі әрбір жеке қатысушының жетістігін көрсетуімен байланысты» (Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б. 1990) – дейді. Ол үшін мұғалім әрбір оқушының ағылшын тілін үйренудегі оң динамикасын дамытуға әсер ететін жетістікке жету жағдайларын дайындай білуі керек.

Мектеп оқушыларының жетістіктерін есепке ала отырып, мұғалім әр оқушыны жеке алған сияқты, толық оқу тобының да оқу мотивациясының оң өсіміне ықпал жасайды. «Өмірімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер қоғамымызға жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай бүгінгі жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашады» (Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б. 1990).

Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда.

Тиімді оқыту жолдарын бүкіл әлем педагогтары қарастыруда. Нәтижелі оқыту мәселесі педагогика мен психологияның соңғы жаңалықтарын қолдану негізінде жүргізілуде. Мұғалім мен оқушының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы ақпараттық мәдениетінің жеткіліксіз қалыптасу деңгейі ағылшын тілі мен тілін үйренетін елдің мәдениетін үйренуде қазіргі мультимедиялық технологиялардың әдістемелік әлеуетін қолдануға мүмкіндік бермейді.

Жалпы ақпараттық коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастырумына дағдылардан құрады:

1. «Ақпараттық бөлік:

– түрлі ақпарат көздерінде ақпараттарды іздеу;

- қажетті ақпараттарды табуда түрлі ресурстарды (кітап, журнал, электрондық құралдар, Интернет) қолдану;

- табылған ақпараттарды сынау арқылы қажетті ақпараттарды сұрыптай білу;

- кесте, диаграмма, кескін және т.б. тәсілдерді қолдану арқылы ақпараттарды түрлендіру;

- ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың мүмкіндігін ескере отырып, қолданушыға ақпараттарды жеткізу тәсілдерін таңдау.

2. Ақпараттық және коммуникациялық техника бөлігі:

- арнаулы компьютердің құрылымын түсіндіру және оның негізгі құрылғыларының мәнін негіздеу;

- нақтылы есептерді шешуде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды таңдау;

- ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жеткізу әрекеттеріне ақпараттық технология мен басқа технологиялардың мүмкіндігін пайдалана отырып, олардың өзара байланыстық қызметтерін негіздеу.

3. Операциялық жүйе бөлігі:

- Windows операциялық жүйесінің қолданушылық интерфейсін баптау;

- файлдар мен бумаларды құру;

- файлдар мен бумаларды көшіру, өшіру және аттарын қалпына келтіру;

- Windows операциялық жүйесінің негізгі терминдерін қолдану: программа терезесі, сұхбат терезе, меню, құралдар тақтасы, сұхбат терезелері мен құралдар тақтасын басқару элементтері (батырма, есептегіш, жылжымалы тізім, жалауша және т.б.).

4. Қолданбалы программалар бөлігі:

- Word мәтіндік редакторында қарапайым мәтіндерді құру мен оны редакторлеу;

- құжаттарды жіберуді ұйымдастыру;

- құжаттарды өңдеуді автоматтандыру;

- Excel-де формулалар мен функцияларды қолдану арқылы есептеулер жүргізу: Excel құралы арқылы диаграммалар мен графиктерді тұрғызу;

- түрлі іздеу жүйелері арқылы Интернетте ақпараттарды іздеу;

- электрондық хаттарды құру мен оны алу;

– компьютерлік презентацияларды құру мен оны қолдану». (Информатика мұғалімінің мамандығына қойылатын талаптар 1998 ж.).

Шетел тілінің мұғалімі бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен арнайы шаблондар негізінде грамматикалық және лексикалық тесттер жасауы; үйренушілердің әлеуметтік мәдениетін қалыптастыру мақсатында Hotlist, Multimedia Scrapbook, Treasure Hunt, WebQuest типологиялары бойынша іздеу сипатында шығармашылық тапсырмалар жасауы; мультимедиялық технологияларды қолданып оқу мақсатына арналған LiveJournal немесе BlogSpot базасында жеке блок жасауы; курстың оқу бағдарламасын өзінің жеке сайтында немесе блогына жоспарлау мен орналастыру; оқу процесінде оқушының электронды портфолиосын және интернет-жобаның негізгі кезеңдерін қолдануды дайындауы; сөйлеу дағдысын дамыту үшін Веб 2.0 әлеуметтік сервисін қолдануы; SlideShare сервисіне авторлық презентацияларды жасауы және орналастыруы; синхронды және асинхронды коммуникациялар құралы көмегімен Ғаламтор-ортада жалпы дискуссия өткізуі; қазіргі технологиялар негізінде оқушыларды зерттеу сипатындағы жұмыстарды өткізуге қызықтыруы керек. Ақпараттық технологиялар оқушылардың, мұғалімдердің, студенттердің, әр басқа мектептердегі ғылыми қызметкерлердің, бір немесе басқа аймақтардағы тіпті басқа елдегі ғылыми және оқу орталықтарының әр түрлі бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға; ғылыми-әдістемелік орталықта оқитындарға жедел түрде кеңес беріп, көмекпен қамтамасыз етуге; өзінің мәдени деңгейі көтеру мен ойлау деңгейін кеңейту мақсатында жедел түрде ақпаратпен, идеямен, қатысушыларды қызықтыратын мәселелер бойынша жоспарлармен, бірлескен жоба тақырыптарымен алмасуға; шығармашылық шеберхана, ғылыми зертханалық жұмыстарды модельдеу арқылы зерттеу қызметі дағдыларын оқушылардың бойына сіңіруге; мәдени, этникалық, адамгершілік бағыттағы нағыз кең көлемдегі ақпараттар негізінде оқушылардың мәдени, адамгершілік тұрғыдан дамуына ықпал етуге мүмкіндік жасайды. Ғаламтор желілерінің бұл артықшылығы студенттік немесе мектеп аудиториясында тікелей қолдану кезінде анық байқалады. Осылайша, ағылшын тілін оқытудағы белгіленген психология-педагогикалық шарттар (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылардың тілдің грамматикалық жағын меңгеруге деген ынтасы; «ынтымақтастықта оқыту» педагогикалық технологиясын қолдану; мұғалімдер мен оқушылардың қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие процесінде қолданудағы күзіреттілігін

қалыптастыру) жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін тиімді оқытуға ықпал етеді.

Оқушылармен өз бетінше дайындалған және ұсынылған жобалар, аймақтың мәдениеті мен тарихына байланысты материалдар оқушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытып, уәжін (мотивация) көтеруге ықпал жасайды.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын сабақтарда пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Оқытудың жаңа технологиялары – мұғалімнің сабақ беру мүмкіндігін күшейтіп, оқушылардың тақырыпты қабылдауын жақсартатын құрал, алайда, ол педагогтің қызметін атқара алмайды. Ақпараттық технологиялар сабақта қолданылу мүмкіндіктеріне қарай іріктелініп алынып, педагогика-психологиялық талаптарға сәйкес қолданылуы керек. Ақпараттық техникаларды әртүрлі ақпараттық, анықтамалық мәліметтер беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалануға болады. Мұндай ақпараттық, анықтамалық мәліметтерге қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі әртүрлі сөздіктерді, энциклопедияларды, иллюстрацияларды, сызбалар мен кестелерді, суреттерді т.б. жатқызамыз. Компьютерді пайдалану арқылы оқушылар мұғалімнің көмегінсіз өздеріне қажетті ақпаратты ала алады. Бұл мұғалім мен оқушының уақытын үнемдейді және қажет ақпараттың толықтығын жоғарылатады. Сонымен қатар, оқушылардың өз бетінше электрондық құралдармен жұмыс істеу дағдысына үйретеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тілдерді оқытуда пайдалану – алдымен оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамытады және оны күнделікті өмірде қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға сай қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін жетілдіруде игі әсерін тигізеді. Жұмыс жүргізу барысында дәлелденгеніндей, кез келген мұғалім өз қызметтерінде компьютерді пайдалануы арқылы әлемдік ақпараттық кеңістікте өзінің ақпараттық мәдениетінің қалыптасқанын байқайды. Сонымен қатар, оқу үрдісінде ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалану оқушылардың да қызығушылығын арттырғанын көреді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға,

Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді» («Информатика негіздері» журналы №4. 2008). Яғни, ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне ұтымды пайдалану оның мынандай педагогикалық мүмкіндіктерін көрсетеді:

- оқушыныңынтасын, үлгерім деңгейін, және қабылдау жылдамдығын есепке алып тақырыпты меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану;

- оқытудыңкомпьютерлік ойындар проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік және т.бинновациялық әдістері мен формаларын жетілдіру;

- классикалық әдістерді проблемалық, аналитикалық және модельдеу,зерттеу әдістерін қолдану арқылы жетілдіру;

- оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану арқылы жетілдіру.

Қазіргі ғылым мен техника дамыған, ақпараттар молайған заманда оқушылардың ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, олардыңталантын, тілді үйрену қабілетін дамыту пән мұғалімінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. «Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Сондықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясы-білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын бағалауды арттыруы керек. Осыған орай ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс. (Хабаршы Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы: 2005. – №2 (13). Сондықтан да оқушылардың қабілет-қарымына қарай шығармашылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелейтін жаңа инновациялық ақпараттық технологияларды педагогикада қолдану қажет

Қазіргі уақытта жалпы білім беру саласында оқытудың жаңа инновациялық ақпараттық педагогикалық технологияларын үйренбей жан-жақты білгір,сауаттымаман бола алмайсың. Оқытушының адамгершілік, кәсіптік, зейін-зерделік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуынаақпараттық педагогикалық

технологияны меңгеру игі әсерін тигізеді, педагогикалық технологияларды қолдану арқылы мұғалім өзін-өзі жетілдіріп, оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақтың қызықты өтуі мұғалімнің үнемі ізденісін, әдіс – тәсілдерді ұтымды қолдануымен және оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты.

Библиографиялық тізімі

1. Білім беру жүйесінде коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру / Т.Н. Ошанова // Хабаршы Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы, 2005. – №2(13).
2. Информатика мұғалімінің мамандығына қойылатын талаптар. – Алматы, 1998.
3. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі / Ж. Садыбекова Ж. // Информатика негіздері» журналы. – № 4. – 2008.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 1 наурыз № 55.
5. Джакупов М.С. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 117 б.
6. Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б. Формирование мотивации в учения. – М.: Просвещение, 1990. – 192 с.

К ВОПРОСУ О МОТИВАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

TO THE QUESTION OF THE MOTIVATION OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS OF PEDAGOGICAL SPECIALTIES

Иванова Е.Н., Бримжанова К.С.

*Костанайский государственный педагогический институт,
Костанай, Казахстан*

Аннотация

В статье говорится о необходимости развития у студента вуза личностных качеств, умений самоорганизации, мотивации в учебно-познавательной деятельности посредством выполнения самостоятельной работы, позволяющей быть конкурентно способным в современных социально – экономических условиях

Ключевые слова: самостоятельная работа студента, мотивация, компетентность.

Keywords: independent work of students, motivation, competence.